

БАЛА БАУЫРЖАННАН – БАТЫР БАУЫРЖАНҒА ДЕЙІН



Көзінің тірісінде-ақ аңызға айналған ұлы тұлға – Бауыржан Момышұлы туралы біз не білеміз? Рас, жаужүрек батыр, даңқты қолбасшы, қарымды қаламгер. Әрине, қазақ тарихында батыр да, қолбасшы да, қаламгер де аз болған жоқ. Бірақ олардың ешбірінің даңқы алты алаштан әріге асып көрген емес. Ал, Бауыржанды төрткүл дүние халқы түгел таныды, оның қаһармандық қайсар тұлғасы мен адамзат баласында сирек кездесетін озық ақыл-ойы, қарағайға қарсы біткен бұтақтай алабөтен ірі мінезі естіген жұртты тегіс тәнті етті. Ендеше оның осынау бірегей болмысының құпиясы неде? Бауыржанды «Бауыржан» еткен өмір мектебі несімен ерекше?.. Бұл сауалдарға жауапты бірегей тұлғаның тағылымды тағдырына зер сала отырып іздестіргенді жөн көрдік.

ҚАЛЫПТАСУ ҚАЙНАРЫ

Бала Бауыржан 1910 жылдың 24-желтоқсанында Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мынбұлақ ауылында туылған. Бабасы Иماش 1911 жылы 92 жасында дүние салған, орта бойлы, от жанарлы, шымыр кісі болған. Әкесі Момыш өз бетімен ескіше сауат ашып, өле-өлгенше оқып-тоқыған, тіпті, орыс алфавитін де ежіктеп оқи алған. Сонысымен де бүкіл аймаққа әйгілі, сыйлы болыпты. Жас күнінде ағаш ұстасы, етікші ретінде де аты шығыпты. Тәуіпшілдігі де бар екен. Әсіресе, зергерлікті жақсы көрген. Ел ішінде одан өткен ұста болмаған. Зергерлік өнерін қартайғанда да тастамаған. Ат жалын тартып мініп, бозбала халге жеткенде Иماش қарт шаруа билігін Момыштың қолына берген. Сөйтіп, ағайын-туыс арасындағы алыс-беріс, көші-кон мәселесі, ас-той, дау-дамай, бәрі-бәрі Момыштың араласуынсыз бітпеген. Әжесі Қызтумас қартайғанда «сары кемпір» атанған аса ажарлы, ақ дидарлы кісі екен. Анасы Рәзия ерте қайтыс болғандықтан, Бауыржан үш жасынан бастап Қызтумас әжесінің тәрбиесімен өсіп-жетілді. Әлемнің пайда болуы, тірлік дамуы, адамзаттың шығуы, өмір жайлы жан баурайтын аңыздар мен ертегілерді, ненің жақсы, ненің жаман екенін де ол ел ағаш әжесінен естіп біледі. Адам ретінде қалыптасуына да сол кісінің ықпалы зор болғанын Бауыржан өзінің «Ұшқан ұясында»: «**Әрине, ол кезде мен де өзге сәбилер сияқты әжем айтқан ертегі мен аңыздардың түпкі байыбына бара бермейтінмін. Енді ойласам, мен сол әңгімелерден адамзат өресінің өрісін тани берген екем ғой...**» деп құрметпен еске алады. Осы орайда, ол ертексіз өскен баланы рухани мүгедек адамға балайды, қазіргі балалардың Қызтумас апа тәрізді ғұлама әжелері азайып бара жатқанына қабырғасы қайысады.

Сөз өнеріне деген сүйіспеншілігі әже әлдиімен оянған Бауыржан бала кезінен-ақ кітапқа ерекше құштар болады. Ес білгеннен-ақ Ахмет, Мағжан, Міржақып тәрізді



Батырдың анасы Рәзия Баукеңнің өзі салған сурет

Алаш зиялыларының шығармаларын жаттап, орыс, француз және испан классиктерінің шығармаларын құныға оқиды. Және бұл әдетін есейген кезінде де қоймайды. Өзі айтпақшы, бұған оның қызмет бабына байланысты үнемі жалғыз жүруі де себепкер болады. Бұл ретте: «Күндізгі қызмет біткеннен кейін кешке үйде жалғыз қаласың. Осы жалғыздықты жою үшін әдебиетті көп оқуға машықтандым. Қазақ

жазушыларының арғы-бергілерінің бәрін де оқыдым», — дейді Бауыржан. Кітапты жансерігіне айналдырған ол, кан майданда жүріп те оны ұмытпайды. «Ақиқат пен аңызда» өзі бұл жайлы: «Солдаттар мен командирлер арасында 3-4 сағат болып, тиісті бұйрығымды бергеннен кейін мен жертөлге қайтамын. Келемін де жазбаларымды жазамын. Аяқталмаған кітаптарымды оқып бітіремін» деп әңгімелейді. Осылайша, оқ пен оттың ортасында жүріп-ақ, ол Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілігін», «Севастополь әңгімелерін», Пушкин мен Лермонтовтың әскери прозасын, адмирал Нахимовтың, адмирал Макаровтың, ағылшын адмиралы Нэльсонның кітаптарын саралайды. Ал, казак кітаптарынан Абайды ешқашан жанынан тастамайды және оны ақын деп қана емес, ойшыл, философқа балап оқиды. Сондай-ақ, соғыста жүріп те кейбір әдебиеттерді елден арнайы алдырып оқыған Бауыржанға өзі мүлде танымайтын, білмейтін адамдар да сыйлыққа кітап жіберіп тұрған екен...

БОЗБАЛА ШАҚТАН БІР БЕЛГІ

Балалық шағы Мыңбұлақтағы мұнсыз күндерімен есте қалған Бауыржан бастауыш мектепті Аса интернатынан, ал, жетіжылдықты Шымкенттен бітіріп, ол кезде Орынборда қоныс тепкен ҚазПИ-ге түседі, бірақ тұрмыс жағдайына байланысты оқуын жалғастыра алмай, іле-шала Жуалыға қайтып келіп, екі жыл бастауыш мектепте мұғалім болады. Ол ел басқару ісіне баулу үшін жергілікті ұлт өкілдерін көтеріп жатқан түс болса керек. Содан күндердің күнінде Бауыржан да жоғарылатылып, аудандық атқару комитетінің жауапты секретары қызметін үш жыл атқарады. Жауапты хатшының жұмысынан әуелде түк ұқпағанымен, артынша менгеріп кеткен Бауыржан сол кезде аудандық атқару комитетінің төрағасы болған Дүйсенғали Бұрабаев туралы: «Менің орысша сауатты болуыма, іс-қағаздарын дұрыс жазуыма сол кісі көмектесті. Жалғыз іс-қағазы емес, менің газет, кітап оқып өсуіме де сол кісі жетекшілік жасады. Оқитын кітаптарымның тізімін беріп, не оқығандымды тексеріп, газеттерден не оқып, не қойғандымды үнемі қалағалап, өзімді ысылдырып, адам етті» деп ағынан жарылады.

Осыдан кейін ауданда алты ай милиция бастығы болған Бауыржан сол қызметте жүріп үлкен сабақ алады.

Бірде жоғарыдан Емельянов деген тергеуші келіп, аудандық түрмеге заңсыз қамалған 200-ден астам адамды босаттырады. Сол мезетте аттарына міне салып, «шынымен құтылдык па, жоқ па» деп ызғытып кетіп жатқан қандастарының

соңынан қарап тұрып: «Ей, момын халқым-ай... Іштеріңдегі көзі ашық деген менің өзім сендердің ақ-қараларыңды айыра алмай, қанша күн босқа қамауда ұстадым...» деп қынжылған Бауыржан, «**Осыдан кейін қылдай қиянат көрсем, қылышпай қырып отыруға бекіндім**» дейді.

Бауыржанның өмірді тануына, жан-жақты ширап, ысылуына оның банк саласында қызмет етуі де айтарлықтай ықпал еткен. Қаржы-қаражат саласынан еш хабары жоқ ол, атқару комитетінде кезінде өзімен бірге қызмет істеген Тимофей Дубовиктің сенімді арқасында бір-ақ күнде Шымкент өнеркәсіп банкінің экономисі болып шыға келеді.

Білімділігі мен біліктілігі айналасын тәнті еткендігі сонша, арада өткен біраз жылдан кейін КСРО өнеркәсіп банкінің республикалық басқармасына аға консультант болып



та тағайындалады. Осы қызметте жүрген кезінде республикалық банктің менгерушісі Б.М.Барханның жіберуімен Ленинградтағы Финанс академиясының жанындағы бір жылдық курста білім алады. Батырдың «Ақиқат пен аңыздағы» сұхбатына жүгінер болсақ, Ленинградтай ұлы қалада бір жыл жүру Бауыржан үшін бір академияны тауысумен пара-пар болған. Оның «Қаншама ғажайыптарды көресің, қаншама ғибрат, өнеге аласың!

Ленинград дегенін ой жетпейтін өзгеше бір дүние екен. Онымен салыстырғанда Бурный да, Шымкент те, Әулиеата да, Алматы да айдала қалды. Тіпті Ленинград ғажайыптарына әжем айтатын әр алуан ертегілерін де ілесе алмай

қалды» деуі де содан. Елден тек қана егде адамдар баратын сол курстың ішіндегі ең жасы болған Бауыржан ұстаздардың лекциясын суша сімірген. Олардың аузынан шыққандарын өздеріне қайталап айтып бергенінде мұғалімдер ан-тан қалысатын болған. Курсты кілең бестікпен бітіріп келіп, аға консультант-экономист қызметін атқарып жүрген жерінен 1936 жылы жана құрылып жатқан бөлімге взвод командирлігіне шақырылады.

Сөйтіп, Бауыржан сексенге тақап қалған Момыш карттың:

«**Ақ жүрек болып жолдасың,
адалдық сені қолдасың.
Жаксылық үшін тіресең,
жаныңды арың қорғасың.
Арыңды болсын шабысың,
алымды болсын табысың,
Найзадай болсын намысың,
Ер жігітке бәрі сың.**



Бауыржан сыныптасы Ә.Тәжібаевпен

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ӨМІРІНІҢ ТАРИХИ ТІЗБЕСІ:

(хронологиялық тәртіп бойынша)

- 1910** – 24-желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ ауылында дүниеге келген.
- 1921** – Әулиеатадағы Аса интернатына оқуға келеді.
- 1924** – үшінші сыныпта Шымкенттің жетіжылдық мектебіне ауыстырылады.
- 1928** – мектепті үздік бағамен бітіріп, Орынборға келеді. Бірақ әлеуметтік жағдайына байланысты кері қайтады.
- 1928–1930** – бастауыш мектепте мұғалім болады.
- 1932** – Қызыл Армия қатарына шақыртылады. Қызметін өтеп қайтқан соң, Шымкент, Алматы өнеркәсіп банкілерінде жұмыс істейді.
- 1936** – Ленинград финанс академиясы жанындағы курсты бітіреді.
- 1936** – Қызыл Армия қатарына қайта алынып, взвод, рота командирі, полк штабы бастығының көмекшісі болады.
- 1939** – әкесі Момыш қайтыс болады.
- 1941** – Қазақ әскери комиссариатының нұсқаушысы қызметін атқарады.
- 1941** – соғыс басталғанда 316-атқыштар дивизиясының жасақталуына белсене атсалысып, сол дивизия құрамында майданға аттанады. Осы жылы Мәскеу түбінде ұрыстар жүргізіп ерлігімен көзге түседі.
- 1941** – 26 қарашада маршал Роскоховский полк командирі етіп тағайындайды.
- 1941–1945** – Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның батальон, полк командирі болады. Соғыстың соңғы жылдары осы дивизияны басқарады.
- 1942** – Бауыржан Момышұлының жауынгерлері мамыр айында Калинин майданында жауға ойсырата соққы береді.

(Жалғасы 9-бетте)

**Киындық көрсен, мұқалма,
ауырлық көрсен, жұқарма.
Қамқоршы бол кішіге,**

үлкенді үлгі түт алға!»

деген ақ батасын жүрегіне жазып алып, одан кейінгі өмірінде өшпес ізі қалған әскери соқпаққа біржола түсіп кете барады...

ӨМІР МЕН ӨЛІМ АЙҚАСЫ

Бауыржанның тұлға ретіндегі бірегей болмысының жан-жақты ашылған тұсы да оның әскери саптағы кезеңімен тікелей байланысты. Взвод командирлігіне шақырылғаннан бастап, 1940 жылға дейін Қыыр Шығыста қызмет еткен ол, аға лейтенант шеніне көтеріліп, полк штабы бастығының бірінші көмекшісі болып жоғарылатылады және Киев әскери

батальонының тың күш ретінде жанында ұстап, ең қиын жағдайларға пайдаланып отырған. Сөйтіп, **Бауыржан Ұлы Отан соғысы барысында 207 рет ұрысқа қатысып, 5 рет өлімнің құрсауында қалған, 2 рет өлімші болып жараланған. Бірақ өліммен бетпе-бет келген сәттердің барлығында да негізгі жауыпгерлік құрамымен қоршаудан аман-есен шығып, өз дивизиясына қосылып отырған.**

Бұл, әрине, оның терең ойлай білетін әскери маман ретіндегі талантының арқасында жүзеге асқан. Осы орайда, Армия генерал-лейтенанты Бақытжан Ертаев жауыпгерлік іс-қимылдарға қатысты ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнайы тарау болып әскери жарғыға енуі, тактикада «ошақты» және «икемді қорғаныс» ұғымдарының қалыптасуы тікелей Бауыржан тәжірибесі арқылы мүмкін болғанын



оқуының қарамағына жіберіледі. Артынша Алматыға қайтып, 1941 жылдың қаңтарынан бастап Ұлы Отан соғысы басталғанға дейін республика әскери комиссариатында аға нұсқаушы болады. Соғыс басталғаннан кейін елімізде жасакталған 316-атқыштар дивизиясына батальон командирі болып алынады. Бауыржанның одан кейінгі уақыттағы ерен ерлігі мен қолбасшылық дара сипаты жұртшылыққа А.Бектің «Арпалыс» шығармасынан, сондай-ақ, өзінің «Москва үшін шайқас» атты кітабынан жақсы таныс. Сондықтан бұл жерде оған нақты тоқталмай-ақ, біз, негізінен, батыр өміріндегі айтарлықтай елеулі оқиғалар мен Бауыржанды өз қатарынан озық еткен асыл қасиеттерін, дара сипаттарын сөз етуді жөн көрдік.

Бауыржанның әскери таланты ең алғаш 1941 жылы, Мәскеу түбіндегі ұрыстарда көрінген. Тапқырлығы мен көзсіз батылдығы үшін генерал Панфилов оны өте жоғары бағалаған. Сондай-ақ, Волоколамск тас жолындағы шайқастан кейін генерал Момышұлының

айтады. Тар жерде жол таба білетін көрегендігімен Бауыржан соғыс өнерінің мықты стратегіне айналған. Оның тікелей өз тәжірибесіне сүйеніп жазған «Соғыс психологиясы» атты еңбегінің күні бүгінге дейін Ресеймен қатар, Куба, Никарагуа, Польша, Венгрия, Чехия, Словакия, Испания, Жапония, Израиль, Вьетнам елдерінде оқытылуы — Бауыржан Момышұлының шебер қолбасшылығын әлем халықтарының қалтқысыз мойындағанының бірден-бір айғағы. Осы орайда, **Бауыржан Момышұлының әскери даналығын, адами парасатын генерал Панфилов, полковник Серебряков, генерал Чистяков, армия генералы Рокоссовский, сондай-ақ, Баграмян, Жуков, Василевский сияқты маршалдар жоғары бағалаған. Баукенді бірінші рет И.В.Панфилов, екінші рет полковник Серебряков Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынған. Әділетсіздіктің салдарынан Баукене екі ретінде де Батыр атағы берілмеген.** Оның жанқиярлық ерлігі мен еліне сіңірген еңбегінің лайықты бағаланбауын тілге тиек еткен

Д.Снегин: «Өмірде Бауыржанның екі жауы болды. Олар — Ресейде маршал Гречко, Қазақстанда — жазушы Мүсірепов» деген екен. Сөйтіп, кезінде КСРО Қорғаныс министрі қызметін атқарған Гречконың кесірінен Бауыржан Совет Одағының Батыры атағын да, соғыстан кейінгі жылдары Әскери академияны бітіре тұра генералдықты да ала алмаған. Майдангер жазушы Әзілхан Нұршайықовтың тілімен айтар болсақ, **«Баукеннің генерал немесе маршал болуына ең күшті екі деталь жетпей қалды: ЖАҒЫНУ мен ТАБЫНУ деген...».**

Ал, Ғабен болса, Баукеннің бүкіл артықшылығын мойындай тұра пендешілікке жол берген. Мекемтас Мырзахметовтің айтуынша, Баукен мен Ғабен әуелде қатты сыйласқан, дос болған. Кейіннен Ғабен Жазушылар Одағын басқарып тұрған кезде жиырма шақты жазушымен бірге, ішінде Баукен де бар, бәрі ел ішіне іссапарға шығады. Сол сапарда бүкіл жұрттың ықыласы, қошеметі Баукене ауып кетеді де қалғандарының бәрі сырт қалады. Соған шамданған Ғабен: «Бауыржанмен бірге жүруге болмайды екен» деп бірден кері қайтып кетеді де, сол мезеттен бастап араларында салқындық орнайды. Іле-шала республикалық басылым беттерінде Баукенді социализм дәуіріне жат мінез — «көп әйел алғыштығы» үшін сынап-мінеген мақалалар басылады. Бірақ олардың авторларына көңіл де бөлмеген Баукен, «Оларда кінә жоқ, «үр» делі, үрді. Түп атасы әріде гоӣ» дегеннен өзгеге бармаған көрінеді.

Қалай дегенмен де даусыз бір шындық, Бауыржанның Отан алдындағы еңбегі үкімет тарапынан лайықты бағаланбайды. Бірақ ондай бағаның Баукен үшін қажеті де жоқ еді. Өйткені, бүкіл дүниежүзі оны ұлы қолбасшы, Мәскеудің данқты қорғаушысы ретінде құрметтеді әрі мақтаныш тұтты. Бәлкім, осының өзі де — баға жетпес сый. Себебі, адам баласы үшін жалпыхалықтық сүйіспеншілік пен құрметтен артық не болуы мүмкін?!

АР МЕН НАМЫС ШАЙҚАСЫ

Бауыржан Момышұлының өзгелерден даралап тұрған айрықша қасиеті — оның қалам мен қаруды қатар ұстауы, қай кезде де ұлт мүддесін қаймықпай қорғауы. Мысалы, 1943 жылы ажалмен арпалысып жүргеніне қарамастан, ол Қазақстан басшыларына майданнан хат жазып, онда қазақ тілінің мүшкіл жағдайын баяндап, туған тілімізді тұғырлы етуге қатысты нақты ұсыныстар жасайды. Сөйтіп, І.Кенесбаев, М.Балақаев, М.Қаратаев тәрізді басқа да тіл мен әдебиет білгірлері, академиктер мен профессорлар қозғамаған мәселені кешегі банкир, бүгінгі қарапайым сарбаз Баукен қозғайды. Ал мұның себебі, өзінің айтатынындай, оның маңдайына тек қана «шындықты айту жазылған».

(Жалғасы. Басы 7-бетте)



Баукең ұлы Бақытжан,
қызы Шолпан,
жұбайы Жамалмен

Екінші жағынан алғанда, Бауыржан — казактың кешегі от тілді, орақ ауызды, әрі акын, әрі батыр тұлғаларының заңды жалғасы, түйіндей айтсақ, ұлттық рухтың XX ғасырдың басындағы айқын көрінісі.

Елде жоқ ерекше қасиетіне бола «ұлтшыл» атанған Бауыржан соғыстан кейінгі уақытта әскери қызметтен де ерте шеттетіледі. Сөйтіп, елге келген Баукеңді бірде-бір мекеме қызметке алмайды. «Тек Ө.Жолдасбеков қана сол кездегі ҚазГУ-дың әскери кафедрасына жұмысқа алмақ болған еді. Артынан ол да: «Бауке, болмайтын болды» деген жауап айтты», — дейді батыр өмірінің қыр-сырына жақсы қанық Мекемтас қария. Баукең бірақ оған да мойымайды. Енді әдебиет майданына бет бұрады. Бұл жөнінде «Ақиқат пен аңызда»: «Менің білімімнің, тәжірибемнің, әй, Құдай біледі, ана дүниеге керегі жоқ шығар. Енді қалған өмірімде көрген-білгенімді жастарға айтып кетейін» деп қолыма қалам алып, жазу жұмысына кірістім» дейді. Сөйтіп, сөз орайы келген келесі бір мезетте: «Мен профессионал жазушы емеспін. Мен әскери мемуар жазушы ғана кісімін. Ал біздің казакта бұрын әскери мемуарлық әдебиет атымен болған емес. Казакта мен осының негізін салушымын десем, асылық та, артық айтқандық та болмас деп ойлаймын. Бұл жөнінде орыс әдебиетіне де қосқаным бар деуіме болады» дегенді айтады.

Осы орайда, «Баукең ең алдымен акын болатын. Ол соғыста жүргенде де «Серігім», «Жазушыға»

«Қалыбек аға», «Біреулерге», «Омарбекке», «Жардың мұңы», «Ғаға», «Ана тілін ардақта», «Досыма», «Толғау» сияқты басқа да көптеген өлеңдер жазды. Одан кейін Баукең жазушы атанды. «Москва үшін шайқас» атты ғажап әскери-психологиялық романның авторы болды. «Ұшқан ұя» деген этнографиялық роман жазды. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Басқа да толып жатқан әскери эсселердің, әңгімелердің авторы. Бұдан кейін Баукеңді әскери тарихшы деп атауға да болады. Оның үстіне Баукеңді фольклор білгірі деп және атау орынды. Фольклор білгірі болғандықтан, ол өзінің тамаша мақал-мәтелдерін шығарды. Ең соңында Баукең казак әскери әдебиетінің негізін салушы болды. Мемлекет болғаннан кейін әскери әдебиет керек. Әскери әдебиет — патриотизмнің мәйегі. Баукеңнің бұл қасиеттерінің бәрін тәптіштеп жеткізу үшін бір кітап жазған жазушы ғана емес, нағыз кәнігі бауыржантанушы болу керек», — дейді Әзілхан Нұршайықов.

ЕКІНШІ ТЫНЫС

Майдандағы ерліктері ауыздан-ауызға аңыз болып таралған Бауыржан соғыстан кейінгі кезеңде де ел-жұртты айбынымен ықтырған, ерекше данқты тұлға болған. «Арпалысты» жазар алдында тек қана шындықты көрсетуді талап етіп, «Өтірік қоссаң, алдымен оң қолыңды, содан кейін сол қолыңды



- 1942** – 6 маусымда «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады.
- 1944** – ауырғанына байланысты Алматы госпиталіне жіберіледі.
- 1945** – 16 қаңтарда Алматыға келген Бауыржанды ғалымдар соғыс туралы әңгіме-лекциясын тыңдауға шақыртып, кездесу өткізеді.
- 1946–1948** – Ворошилов атындағы әскери академияның тыңдаушысы болады.
- 1948–1950** – 49-атқыштар бригадасы командирінің орынбасары қызметін атқарады.
- 1952** – Кеңес Армиясы Бас Штабының жанындағы Жоғары әскери академияны бітіреді.
- 1953** – академик Ван-Чон-Худың басқаруымен келген Қытай делегациясымен кездеседі.
- 1950–1955** – әскери академияда сабақ беріп, тұрақты әскери қызметін атқарады.
- 1955** – әскери қызметтен босатылады.
- 1952–1956** – «Офицердің күнделігі», «Бір түннің тарихы», «Біздің семья» деген алғашқы кітаптары жарық көреді.
- 1962** – Фидель Кастро батырды Куба жерінде көргісі келіп, арнайы шақырту жібереді.
- 1963** – күзде Куба үкіметінен қайта-қайта шақырту келе бергендіктен, 10 күндік сапармен барып қайтады.
- 1959–1966** – «Москва үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдан», «Майдандағы кездесулер», «Генерал Панфилов», «Төлеген Тоқтаров», «Куба әсерлері» сияқты кітаптары жарыққа шығады.
- 1970–1975** – «Ел басына күн туса», «Ұшқан ұя» кітаптары жарық көреді.
- 1981** – «Адам қайраты» еңбегі дүниеге келеді.
- 1982** – 10-маусымда Алматыда дүниеден өтті.
- 1990** – Кеңес Одағының Батыры деген атақ беріледі.

Бауыржан Момышұлы



Бауыржан МОМЫШҰЛЫ

*Найзадан қол босаса қалам алдым,
Толғанып оқиганы көп ойландым.
Сыздаған у шикандай көп қатамды,
Именбей, жалтақтамай ашық жаздым.*

*Ажал тұр аңдыт арбап мүлде жақын,
Атадым шала-шарты ерлер атын.
Ат жалында істелген адал еңбек,
Ақ ниетпен ұсындым саған, халқым.*

*Тоселген жазушы емес менің затым,
Көркемді жұмыр емес жазған хатым.
«Сергек ой – ер серігі» дейді қазақ,
Салмақтап ел танысын ерлер атын.*

1942 ж.

*...Мен кім едім, мен едім,
Мен де мыңның бірі едім,
Қызықпай баққа, атаққа,
Адал еңбек құлы едім.
Қызмет еткен халыққа,
Ақ ниет мыңның бірі едім,
Атақсыз солдат бірі едім.
Ата аруағы қолдады,
Адал еңбек еткен соң,
Панфиловтан бата алып,
Артыма ерді мың солдат,
Тағдырын маған тапсырып,
Рузаға жеткен соң,
Ел ұлдары мың солдат,
Белүрден қап кешіп,
Сыңға түсті бекеліп,
Отқа түсті су кешіп,
Жүзден аса соғыста
Бес-алты рет қоршауда,
Бал орнына у ішіп,
Қап майданда халық үшін,
Намыс туын көтердік,
Қауіпке қарсы бел байлап,
Бес рет күшті фашистпен,
Жағаласа алысып,
Айқасқан жерде қарысып,
Табан тірей күрестік.*

*(Панфилов туралы өлеңінен үзінді,
«Қаңмен жазылған кітап»)*

шабамын» деп А.Бектің зәре-құтын қашырған Баукеңнің алдына баруға бейбіт заманда да екінші бірінші жүрегі дауалай бермеген. Тіпті, бір журналист сұхбат алуды тапсырған бастығына: «Бауыржанға жұмсағанша, маған тордағы арыстанның жалынан бір сипап қайт дені» деген көрінеді.

Бірақ батырмен 23 жыл бірге жүрген Мекемтас ағаның айтуына қарағанда, Баукеңнің адам танығыштығы керемет болған. Яғни ол каталдығы мен қырсық мінезін кім-көрінгенге көрсете бермеген. Өзінің айтатынындай, бұл ретте ол талабы бар жасты құрметтеген, маңғазсынған ағаны ұнатпаған. Көзіне

*Бақаның бағынан
сұңқардың соры артық.*

Бауыржан

мақтап көлгірсіген жағдайда кімнің болсын сыбағасын беріп отырған. Біреуге жалпаңдау, жағыну дегенді білмегендіктен де оны билік ұнатпаған, ал қарапайым халық жанындай жақсы көрген. Көп ақып-жазушылар Кеңес үкіметін жер-көкке сыйғызбай дәріптеп, кірпіштей кітаптар шығарып, қырып қаламақы алып жатқанда да Баукең идеологияға сатылмаған. Мекемтас ағаның: «Жер басып жүрген казактардың ішінде өз пікірімен кеткен бір-ақ адам болса, ол – Баукең» дейтіні де содан. Шындыққа ғана бас иген батыр аға, бұл ретте,

М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафиндердің өзіне орынды сын айтқан, сондай-ақ, мақтайтын жерінде мактаған да. «Көктемдей құбылмалы мінезім бар» деп өзі жыр еткеніндей, Баукең тез ашуланып, сабырға да тез келе білген.

*«Өзім батыр, жазушы атағым бар,
Көп қатын алды деген шатағым бар»* деген ол бір әңгімесінде Мекемтас Мырзахметовке «Маған Құдай бәрін де берді. Бірақ отбасының жылылығын бермеді» деп сыр шерткен. Содан да болар, Баукең әлденеше рет үйленген, сол үшін небір өсек-аянға да танылған. «Женгелерім Баукеңнің жанын түсінбеді, жазушылығын

бағалап, өзімен тең дәрежеде сырласа, сыйласа алатындай дәрежеде болмалы» дейді Мекемтас аға. Есесіне ол кісіге шексіз табынып, ерекше құрмет тұтқан, бас иген әйел заты ел ішінде де, одан тысқары жерлерде де айрықша көп болған. Осы орайда, Мекемтас аға әйгілі актриса Любовь Орлованың Бауыржанға: «Дом без вас стал пуст» деп жазған хатын батырдың рұқсатымен кезінде өзінің оқығанын айтады. Осы орайда, Баукең тек қыз-келіншектердің жазған хаттарының өзі бүгінде екі томды құрап отырған көрінеді.

Алты Алаштың шып мәнісіндегі айбыны бола білген Баукеңді өмірінің соңғы сәттерінде ауру қатты айналдырады.

Халін сұрай барған Әзілхан

Нұршайықовқа бірде өзі: «Асқазан, өкпе, бауыр, жүрек, жұтқыншақ дегендерін сап-сау. Мұның өзі – жұлып, жүйкеге байлашысты ауру...» деген көрінеді. Яғни, соғыста алған ауыр жарақаттардың дер кезінде емделмегені өз алдына, бейбіт өмірдегі әділетсіздіктер мен шетқакпайлау сияқты көптеген жайттар да батыр жүйкесінің сыр беруіне әкеліп соқтырған. Сөйтіп, ұлтымыздың ұлы тұлғасы 1982 жылы 10-маусымда 72-ге қараған шағында Алматыда дүние салды. Кең дүниеге сыймаған қайран арыс осылайша «Кенсай» топырағынан мәңгілікке тұрақ тапты.

Бірақ ел-жұрты Бауыржандай батыр перзентін іздеуін ешқашан тоқтатқан емес. Ол туралы талай естеліктер айтылып, сағынышка толы небір ғажап сырлардың өлі де шертілері анық. Әзілхан атамыз айтпақшы, Бауыржанның патриоттық рухы қазақ даласын тынбастан кезіп жүретін болады. Қазір де кезіп жүр... Демек, Бауыржандай темірказық тұлғасы бар қазақ атты қайсар халықтың ұлттық рухы ешқашан аласармайды деген сөз...

